

«Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының оқытуы;

2021-2024 оқу жылында МЖМБС орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) бойынша "Өмір қауіпсіздігі негіздері" курсының міндетті оқу қамтамасыз етіледі, бұл ретте төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі және т. б.) кезінде білім алушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. 1-4 сыныптардағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу курсының аясында жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4 сыныпта - 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерімен іске асырылады. 5-9 сыныптардағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұнын дене шынықтыру мұғалімдері жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан тұратын "дене шынықтыру" оқу курсы шеңберінде іске асырады. 10-сыныптағы "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері" оқу курсының мазмұны оқу курсы аясында жүзеге асырылады. Жылдық оқу жүктемесі 12 сағатты құрайтын "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнінің оқытушы-ұйымдастырушылары болып табылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі. 11-сыныптағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының шеңберінде 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы К.Ермекбаева жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі. Мектептің қауіпсіздігі педагогикалық ұжымның қызметінде басымдылық танытады. Сондықтан мектептің қауіпсіз жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жыл сайын оқу-жаттығу сабақтары (жылына 2 рет – қыркүйек, наурыз), ТЖ қызметкерлердің қатысуымен кездесулер өткізіледі.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыруы;

"Жолда жүру ережелері" оқу курсы 2022-2023 оқу жылына арналған 107 нұсқаулық - әдістемелік хат негізінде іске асырылады, оған сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып, сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан іске асырады. 5-8-сыныптарда сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен күнін көрсете отырып, әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі. Балалардың жол - көлік жарақаттануының алдын алу бойынша қызметті жандандыру мақсатында мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыс жүргізіледі. ЖКЖ-ның алдын алу бойынша жұмыстар бекітілген бағдарлама бойынша 1-8 -сыныптарда жүргізіледі, жетекші мақсат жолда және көшелерде

қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеу, ЖКЖ-ның алдын алу, балалар мен ата-аналардың жол-көлік мәдениетін арттыру болып табылады. Сынып жетекшілері оқушыларға жолдағы қауіпсіз мінез - құлықты, көлік мәдениетін тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу арқылы, жол қозғалысы ережелері бойынша сынып сағаттарында: "Жол белгілері", "Қауіп-қатерсіз жол", "Назар аударыңыз-жаяу жүргінші!", "Жолдарда жаяу жүргіншінің жүріс-тұрыс ережелері" және т. б. балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын ЖКО алдын алуға, жол қозғалысы ережелерін насихаттауға, жүргізушілер мен жұртшылықтың назарын балалардың жол-көлік жарақаттары проблемасына аударуға бағытталған іс- шаралар шеңберінде Тарбағатай ауданы полиция бөлімі жергілікті полиция қызмет бөлімшесі кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Танжаров Данияр Сансызбаевич қатысуымен кездесулер ұйымдастырылады. 1-4 сыныптардың әрбір кабинетінде жол қозғалысы ережелері бойынша тақырыптық - ақпараттық стендтер бар.. ЖЖЕ бойынша кабинет жоқ. ЖЖИ мектеп оқушылары арасында жол қозғалысы ережелерін белсенді насихаттайды және жол қозғалысы ережелерін бұзбаудың алдын алады. ЖКО алдын алу бойынша өткізілген іс – шаралар нәтижесінде мектеп оқушылары жол-көлік оқиғаларына қатыспады, бұл жүргізіліп жатқан жұмыстың оң нәтиже беретінін білдіреді. Мектепте балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізіледі.